# АЛАШ КӨСЕМДЕРІНІҢ БІРІ ЖӘНЕ БІРЕГЕЙІ - ТҰРАР РЫСҚҰЛОВ



*Туылған тар заманда Тұрар едім,*
*Елім деп еңіреген ұлан едім,*
*Қолымда құдіретті билік болса,*
*Тарихты тура жолға бұрар едім.*

Тұрар Рысқұлов. Биыл Алаштың ардақтысы, көрнекті қайраткері Тұрар Рысқұловтың туғанына 125 жыл. XX ғасырдың 20-30 жылдары қазақ халқының азаттық жолында күрескен зиялы азаматтардың бірі - Тұрар Рысқұлов. Қазақ халқының маңдайына біткен біртуар тұлғалардың тағылымды өмір жолдары мен көрнекті ерен еңбектері ел тарихының беттерінде алтын әріптермен жазылып қана қоймай, мәдениетіміздің зор, рухани құндылықтарымыздың берік болуына ықпал етті. Бар өмірін ашық аспан астында ұрпақтарының еркін өмір сүруі жолына арнаған ұлы тұлғалардың есімдері мәңгі сақталары хақ. Қазақ халқының осындай елін сүйген ер ұлдарының бірі де бірегейі - Тұрар Рысқұлов. Бүгінде Тұрар туралы тың деректерді жинақтап, осыларды терең тарихқа жазу бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Айтылмаған ақиқатты жазу әлі де болса келер ұрпақтардың парызы деп білеміз.

Біз Егемендік елміз деп мақтан тұтамыз. Бұл Тәуелсіздік бізге оңайлықпен келген жоқ. Қазақ елі еркіндікке жету үшін қаншама қиын-қыстау кезеңдерді бастан кешірді. Мыңдаған жылдық тарихы бар Қазақстан тәуелсіздік алды. XX ғасырдың басында Алаш қайраткерлері аңсаған еркіндікке қолжеткізген тұста, бұрын тарихта жазылмаған тарихтың ақиқатын зерделеуіміз керек.

Біз өзгенің қателігінен, өткеннің тағылымынан сабақ ала білуіміз керек. Ол сабақтың түйіні біреу ғана - Мәңгілік Ел болу біздің өз қолымызда. Бұл үшін өзімізді үнемі қамшылап, ұдайы алға ұмтылуымыз керек. Байлығымыз да, бақытымыз да болған. Мәңгілік Тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтай білуіміз керек. Патриоттық сезім тұлғаның тектілігімен туындап, тәрбие арқылы өсіп-жетіліп, патриоттық сана түрінде қалыптасады. Ұлттық патриотизм жеке адамның белгілі бір ұлтқа жататынын түсініп сезіну, өз ұлтының қасиеттерін бойына сіңіру және оны қастерлеп қадір тұтып, қорғап,сақтауға дайын болуы.Қазіргі уақытта Тәуелсіздік пен ұлттық патриотизмге үлес қосқан Тұрар Рысқұловтың өмірі ұрпаққа үлгі боларлықтай серпіліс беретіні сөзсіз.

**Тоқтабек А.А.,**
**Отыншиева А.Е.**
*М.Әуезов атындағы*
*ОҚМУ «СжәнеС» кафедрасының*
*магистр, аға оқытушылары*